«ZIYATKER TURAN»ЖШС
мектеп директоры:
Б.С.ДЛИМБЕТОВА

«ZIYATKER TURAN»ЖШС мектебінің 7-сыныптар бойынша «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жылдық жұмыс жоспары

7 «A ,B,C,D» сынып

2025-2026 оқу жылы

7 сыныптар бойынша «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жылдық жұмыс жоспары

2025-2026 оқу жылы

1. Кіріспе және нормативтік-құқықтық негіздер

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

2025-2026 оқу жылынан бастап бұл бағдарлама «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы (ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123) деп аталатын болады. Бағдарлама бұған дейін іске асырылған бастаманың толыққанды жалғасы болып табылады.

2. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері мен құндылықтары

Бағдарлама мақсаты: «Адал азамат» тұжырымдамасының идеалдарына сай, патриоттық рухта тәрбиеленген, білімді әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыру.

Жаңа оқу жылында негізгі 6 құндылық бойынша тәрбие бағытындағы жұмыстар өз жалғасын табады:

- Тәуелсіздік және отаншылдық
- Бірлік және ынтымақ
- Әділдік және жауапкершілік
- Заң және тәртіп
- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және жаңашылдық

Бағдарламаның міндеттері:

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:** Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру; ҚР Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят, қамқорлық, қайырымдылықты дамыту; табиғатқа ұқыпты қарау.

Scanned with CamScanner

- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:** Елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату; отбасы, қоғам мен мемлекет алдындағы міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру; өз және басқа адамдардың құқықтарын қорғауға баулу; әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысу.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:** Басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болу, әдептілік нормаларын ұстану; өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті түсіну; еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу; біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеу.
- **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:** Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету; білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

3. Бағдарлама мазмұны, айлық тақырыптар және жобалар

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты бағыттар:

- **Қыркүйек:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- **Қазан:** Тәуелсіздік және отаншылдық айы
- **Қараша:** Әділдік және жауапкершілік айы
- **Желтоқсан:** Бірлік және ынтымақ айы
- **Қаңтар:** Заң және тәртіп айы
- **Ақпан:** Жасампаздық және жаңашылдық айы
- **Наурыз:** Тәуелсіздік және отаншылдық айы
- **Сәуір:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- **Мамыр:** Бірлік және ынтымақ айы

Жүзеге асырылуға ұсынылған арнайы жобалар:

- **«Қамқор» –** Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- **«Еңбегі адал жас өрен» –** Білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- **«Шабыт» –** Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- **«Ұшқыр ой алаңы» –** Тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- **«Smart bala» –** Инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- **«Балалар кітапханасы» –** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

4. Күтілетін нәтижелер мен түлек құзыреттіліктері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде негізгі орта мектеп түлегінің бойында келесі құндылықтар мен құзыреттіліктер қалыптасады:

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық (Құзыреттілік: Ұлттық мүддені дамыту)

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, тәуелсіздігін түсіну; Мемлекеттік рәміздерді, ұлттық мерекелерді құрметтеу; Мемлекеттік тілді меңгеру; Мәдени мұраны сақтау бойынша волонтерлікке қатысу; Түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық.

Scanned with CamScanner

Құндылық: Бірлік және ынтымақ (Құзыреттілік: Тиімді коммуникация)

Қоғамдағы әлеуметтік нормаларды білу; Сенімді қарым-қатынас орнату, сыныпта жағымды ахуал сақтау; Ұжым үшін жауапты болу; Басқалардың пікірін құрметтеу, қоғамдық өмірге үлес қосу.

Құндылық: Әділдік және жауапкершілік (Құзыреттілік: Қоғамға қызмет)

Өз әрекетін жоспарлау; Іс-әрекеттерді әдеп нормасына сәйкес талдау; Оқу тапсырмасында табандылық таныту; Ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну; Басқаға көмектесуге дайын болу.

Құндылық: Заң және тәртіп (Құзыреттілік: Азаматтық борыш және парасаттылық)

Құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу; Тәртіп пен әділдікті, нормаларды сақтау қажеттілігін түсіну; Қоғамды қорғау мен қауіпсіздіктегі заңның маңыздылығын білу.

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік (Құзыреттілік: Инновациялық ойлау)

Еңбек нәтижелерін бағалау; Мамандықтарды зерттеуге қызығушылық; Уақытты тиімді жоспарлау; Білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын таңдау.

Құндылық: Жасампаздық және жаңашылдық (Құзыреттілік: Шығармашылық)

Тапсырмаларға шығармашылықпен қарау; Эксперимент, модельдеу жүргізу; Себеп-салдарлық байланыстарды анықтау; Стандартты емес есептерді шешу; Ақпараттық-цифрлық ортада жұмыс істеу.

5. Күнделікті іс-шаралар және алдын алу бағыттары

- **«Менің Қазақстаным»:** Оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар ҚР Әнұранын орындайды.
- **«Апта дәйексөздері»:** Бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде мақал-мәтелдер мен ұлағатты сөздер стендтерде, Led-экрандарда, тақтада орналастырылады.
- **«Қауіпсіздік сабағы»:** Жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу бойынша сынып сағаты шеңберінде 10 минуттық ақпарат немесе әңгіме өткізу.
- **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»:** Үзіліс кезінде асық, тоғызқұмалақ, бес тас сияқты ұлттық ойындарды ұйымдастыру.
- **«Өнегелі 15 минут»:** Ата-аналардың баласымен мінез-құлық мен адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- **«Үнемді тұтыну»:** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну бойынша ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.
- **«Күй күмбірі»:** Қоңыраудың орнына күйді пайдалану, үлкен үзілісте күй тыңдау.

Сынып сағаттарына біріктірілетін алдын алу шаралары:

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас
- Өмірге салауатты қадам
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам

«ДОСБОЛЛІКЕ» бағдарламасын ендіру қадамдары:

1. Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту.
2. Мектептік буллингке қарсы команда құру.

Scanned with CamScanner

3. Қақтығыс болуы мүмкін аймақтарды бейнебақылау жүйелерімен жабдықтау.

4. Педагогикалық ұжымға түсіндіру семинарларын өткізу.

5. Іс-шараларды тәрбие жұмысы жоспарына енгізу.

6. Әлеуметтік-психологиялық ахуалды диагностикалау жұмысын жүргізу.

7. Мамандардың біліктілігін арттыру.

8. Қызметкерлерге әрекет ету алгоритмдері жөнінде нұсқаулық беру.

9. Білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және эмоциялық интеллектін қалыптастыру.

10. ППКО-да ата-аналарға арналған сабақтар өткізу.

11. Әлеуметтік ахуалға тұрақты мониторинг жүргізу.

12. https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/main цифрлық ресурстарды пайдалану.

6. 7-сыныптардың сынып сағаттарының жылдық жұмыс жоспары

№	Орындау мерзімі / Дәйексөз	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау пысаны	Жауаптылар	Мерзімі
I ТОҚСАН | Қыркүйек – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы (Маңызды күндер: 1 қыркүйек – Білім күні, 5 қыркүйек – Тілдер күні, 2-жексенбі – Отбасы күні, 3-жексенбі – Аналар күні, соңғы жексенбі – Еңбек күні)					
1	1-апта (08-12.09.25) Дәйексөз: «Жанұям қорғаным, ата-анам тірегім!»	«Отбасындағы сыйластық» Қауіпсіздік сабағы: «Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің нөмірлері» / ЖЖЕ №1 «Көлік құралдарын пайдалану ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	08.09.2025 ж.
2	2-апта (15-19.09.25) Дәйексөз: «Ақырын жүріп анық бас...»	«ДОСБОЛЛІКЕ» «Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы: «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қарапайым қадамдар мен қағидалар»	Сынып сағаты, видеоролик	Сынып жетекшісі	15.09.2025 ж.
3	3-апта (22-26.09.25) Дәйексөз: «Еңбек жай ғана қызмет емес...»	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы: «Еңбек түбі - береке» Қауіпсіздік сабағы: «Гаджеттердің тәуелділігіне қалай түспеуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.09.2025 ж.
4	4-апта (29.09-03.10.25) Дәйексөз: «Ел-жұртымның бақыты...»	1 қазан - Халықаралық карттар күні: «Қарияларға құрмет - ұрпақ парызы» Қауіпсіздік сабағы: «Кибербуллинг жағдайындағы әрекеттер алгоритмі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	29.09.2025 ж.
Қазан – Тәуелсіздік және отаншылдық айы (Маңызды күндер: 1 қазан – Карттар күні, 5 қазан – Мұғалімдер күні, 24 қазан – Кітапханашылар күні, 25 қазан – Республика күні)					
5	1-апта (06-10.10.25)	«Ұстаз - мейірімді жүрек несі» Қауіпсіздік сабағы: «Ата-аналарға сенім -	Сынып	Сынып	06.10.2025

Scanned with CamScanner

	Дәйексөз: «Туған жердей жер болмас...»	күрделі жағдайлардағы қауіпсіздіктің кепілі»	сағаты	жетекшісі	ж.
6	2-апта (13-17.10.25) Дәйексөз: «Отанды сүю отбасынан басталады!»	Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл Қауіпсіздік сабағы: «Интернеттегі қауіптер» / ЖЖЕ №2 «Автомобильдегі медициналық қобдиша»	Челлендж	Сынып жетекшісі	13.10.2025 ж.
7	3-апта (20-24.10.25) Дәйексөз: «Отанды сүю отбасынан басталады!»	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы: «Ұлттық мереке 25 қазан - Республика күні», «Қазақстан - ортақ үйіміз» Қауіпсіздік сабағы: «Судағы жазатайым оқиғалардың алдын алу және қауіпсіздік қағидалары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.10.2025 ж.
4-апта (27.10-31.10.25ж.) – КҮЗГІ ДЕМАЛЫС (Дәйексөз: «Отаным - алтын бесігім!»)					
II ТОҚСАН | Қараша – Әділдік және жауапкершілік айы (Маңызды күндер: 15 қараша – Ұлттық валюта теңге күні, 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні)					
8	1-апта (03-07.11.25) Дәйексөз: «Әділдік пен жауапкершілік...»	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы: «Адал азамат - Адал еңбек - Адал табыс» Қауіпсіздік сабағы: «Балаларға арналған велосипедпен қауіпсіз жүру қағидалары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	03.11.2025 ж.
9	2-апта (10-14.11.25) Дәйексөз: «Тура биде туған жоқ!»	15 қараша - Ұлттық валюта - теңге күні: «Ұлттық валюта - теңге» Қауіпсіздік сабағы: «Қиын жағдайда адамды қолдауға көмектесетін кеңестер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	10.11.2025 ж.
10	3-апта (17-21.11.25) Дәйексөз: «Жауапкершілік - адамгершілік...»	«ДОСБОЛЛІКЕ» «Сенімділік - сәттіліктің кепілі» (Буллингтен қорғап!) Қауіпсіздік сабағы: «Біздің құқығымыз бен міндеттеріміз: бірге үйренеміз» / ЖЖЕ №3 «ЖҚО-да зардап шегушінің киімін шешу ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	17.11.2025 ж.
11	4-апта (24-28.11.25) Дәйексөз: «Әділетте берік болсаң...»	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» Қауіпсіздік сабағы: «Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	24.11.2025 ж.
Желтоқсан – Бірлік және ынтымақ айы (Маңызды күндер: 5 желтоқсан – Еріктілер күні, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні)					
12	1-апта (01-05.12.25) Дәйексөз: «Бірлігі күшті ел озады»	«Қамқор» жобасы: «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы Қауіпсіздік сабағы: «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қарапайым қадамдар мен қағидалар»	Сынып сағаты, Тазалық акциясы	Сынып жетекшісі	01.12.2025 ж.
13	2-апта	Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан	Сынып	Сынып	08.12.2025

Scanned with CamScanner

	(08-12.12.25) Дәйексөз: «Ынтымақ жүрген жерде...»	Момышұлының туғанына 115 жыл Қауіпсіздік сабағы: «Гаджеттердің тәуелділігіне қалай түспеуге болады?» / ЖЖЕ №4 «Жараланғанда, жарақаттанғанда алғашқы көмек»	сағаты	жетекшісі	ж.
14	3-апта (15-19.12.25) Дәйексөз: «Бірлік болмай, тірлік болмас»	«Тәуелсіздік - теңдесі жоқ байлығым» Қауіпсіздік сабағы: «Кибербуллинг жағдайындағы әрекеттер алгоритмі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.12.2025 ж.
15	4-апта (22-26.12.25) Дәйексөз: «Ынтымақ бұзылмайтын қорған»	«Жаңа жылдық тарту» Қауіпсіздік сабағы: «Ата-аналарға сенім - күрделі жағдайлардағы қауіпсіздіктің кепілі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.12.2025 ж.
ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС (29.12.2025 - 07.01.2026)					
III ТОҚСАН | Қаңтар – Заң және тәртіп айы (Маңызды күндер: 1 қаңтар – Жаңа жыл)					
16	2-апта (12-16.01.26) Дәйексөз: «Талап бар жерде, тәртіп бар»	«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» Қауіпсіздік сабағы: «Интернеттегі қауіптер»	Сынып сағаты (Адалдық сағаты)	Сынып жетекшісі	12.01.2026 ж.
17	3-апта (19-23.01.26) Дәйексөз: «Тәртіп - тәрбие бастауы»	«ДОСБОЛЛІКЕ» «Қорқыныш сезімі - дос па әлде жау ма?» (Буллингтен қорған!) Қауіпсіздік сабағы: «Судағы жазатайым оқиғалардың алдын алу» / ЖЖЕ №5 «Сынған, қан аққан кездегі алғашқы көмек»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	19.01.2026 ж.
18	4-апта (26-30.01.26) Дәйексөз: «Әділет жолы - адал жол»	«Өз құқығыңды білесің бе?» Қауіпсіздік сабағы: «Балаларға арналған велосипедпен қауіпсіз жүру қағидалары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	26.01.2026 ж.
Ақпан – Жасампаздық және жанашырлық айы (Маңызды күндер: 1-сейсенбі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні, 14 ақпан – Кітап сыйлау күні)					
19	1-апта (02-06.02.26) Дәйексөз: «Жасампаздық бәрімізге өнеге»	«Smart bala» жобасы, 4 ақпан - Қауіпсіз интернет күні: «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» Қауіпсіздік сабағы: «Қиын жағдайда адамды қолдауға көмектесетін кеңестер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.02.2026 ж.
20	2-апта (09-13.02.26) Дәйексөз: «Шығармашыл бала - ойлы бала»	Ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл Қауіпсіздік сабағы: «Біздің құқығымыз бен міндеттеріміз: бірге үйренеміз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	09.02.2026 ж.

Scanned with CamScanner

21	3-апта (16-20.02.26) Дәйексөз: «Өнерлі бала өрге жүзер»	«Лудомания» Қауіпсіздік сабағы: «Қазақстандағы сенім телефондары...» / ЖЖЕ №6 «Теміржол өтпелерінен жүріп өту. Қала сыртындағы жолдарда»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.02.2026 ж.
22	4-апта (23-27.02.26) Дәйексөз: «Жаңашылдық - заман талабы»	«Мектеп мүлкіне жанашырлық - мәдениеттіліктің белгісі» (оқушының міндеті мен құқықтары) Қауіпсіздік сабағы: «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас қағидалары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	23.02.2026 ж.
Наурыз – Тәуелсіздік және отаншылдық айы (Маңызды күндер: 1 наурыз – Алғыс айту күні, 8 наурыз – Әйелдер күні, 21-23 наурыз – Наурыз мейрамы, 30 наурыз – Жер күні)					
23	1-апта (02-06.03.26) Дәйексөз: «Патриотизм - ата-анаңды құрметтей білуің...»	«Алғыс - ізгі ниет» Қауіпсіздік сабағы: «Гаджеттердің тәуелділігіне қалай түспеуге болады?» Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы: «Ананың аялы алақаны» челленджі	Сынып сағаты, Челлендж	Сынып жетекшісі	02.03.2026 ж.
24	2-апта (10-13.03.26) Дәйексөз: «Тәуелсіздік тәтті сөз ғана емес...»	«Наурыз - жыл басы» Қауіпсіздік сабағы: «Ата-аналарға сенім - қауіпсіздік кепілі» / ЖЖЕ №7 «Велосипедшілер, мопедшілер қозғалысының ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	10.03.2026 ж.
25	3-апта (16-20.03.26) Дәйексөз: «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек...»	«Наурыз - ұлыстың ұлы күні» Қауіпсіздік сабағы: «Кибербуллинг жағдайындағы әрекеттер алгоритмі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.03.2026 ж.
КӨКТЕМГІ ДЕМАЛЫС (19.03.2026 - 29.03.2026)					
IV ТОҚСАН | Сәуір – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы (Маңызды күндер: 2 сәуір – Балалар кітабы күні, 7 сәуір – Денсаулық күні, 12 сәуір – Ғылым күні, 18 сәуір – Ескерткіштер күні, 23 сәуір – Ұлттық кітап күні)					
26	1-апта (30.03-03.04.26) Дәйексөз: «Патриотизмі жоқ халық...»	«Балалар кітапханасы» жобасы: «Кітап - сарқылмас бұлақ» Қауіпсіздік сабағы: «Желі арқылы танысу қаупі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	30.03.2026 ж.
27	2-апта (06-10.04.26) Дәйексөз: «Еңбек - қуаныш...»	7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық күні: «Өмірге салауатты қадам» Қауіпсіздік сабағы: «Интернеттегі қауіптер» / ЖЖЕ №8 «Велосипедтер, мотоциклдерде жолаушылар мен жүк тасымалы»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	06.04.2026 ж.
28	3-апта	12 сәуір - Ғарышкерлер күні: «Байқоңырдан	Сынып	Сынып	13.04.2026

Scanned with CamScanner

	(13-17.04.26) Дәйексөз: «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді»	басталған сапар» Қауіпсіздік сабағы: «Балаларға арналған велосипедпен қауіпсіз жүру қағидалары»	сағаты	жетекшісі	ж.
29	4-апта (20-24.04.26) Дәйексөз: «Болашағы зор мамандықтар жоқ...»	«Мамандық таңдау - болашақты таңдау» Қауіпсіздік сабағы: «Қиын жағдайда адамды қолдауға көмектесетін кеңестер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.04.2026 ж.
30	5-апта (27-30.04.26) Дәйексөз: «Білікті білім жинап кәсіп етер...»	«Халықтар достығы - ел тыныштығы» Қауіпсіздік сабағы: «Біздің құқығымыз бен міндеттеріміз: бірге үйренеміз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	27.04.2026 ж.
Мамыр – Бірлік және ынтымақ айы (Маңызды күндер: 1 мамыр – Бірлік күні, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр – Жеңіс күні, 15 мамыр – Отбасы күні, 31 мамыр – Құғын-сүргін құрбандарын еске алу күні)					
31	1-апта (04-08.05.26) Дәйексөз: «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»	7 мамыр - Отан қорғаушылар күні: «Ұранды ердің ұрпағы қайсар» Қауіпсіздік сабағы: «Қазақстандағы сенім телефондары...» / ЖЖЕ №9 «Велосипедшілермен аланда практикалық сабақтар»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	04.05.2026 ж.
32	2-апта (11-15.05.26) Дәйексөз: «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ...»	15 мамыр - Отбасы күні: «Отбасы - бақыт мекені» Қауіпсіздік сабағы: «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас қағидалары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	11.05.2026 ж.
33	3-апта (18-22.05.26) Дәйексөз: «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек...»	«Құрдастар арасындағы қатынас мәдениеті» (Буллингтің алдын алу) Қауіпсіздік сабағы: «Гаджеттердің тәуелділігіне қалай түспеуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	18.05.2026 ж.
34	4-апта (25.05.2026ж.) Дәйексөз: «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп»	«Білімім - Отаныма!» Қауіпсіздік сабағы: «Кибербуллинг жағдайындағы әрекеттер алгоритмі» / ЖЖЕ №10 «Қорытынды сабақ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	25.05.2026 ж.

Scanned with CamScanner